

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «28» мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: балабақша акт залы

Қатысқандар: 17 қызметкер

Төраға: Р. Чуйтанова

Хатшы: Ж.Балгабаева

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылында жылдық жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға сараптама.
1. Жазғы маусымға дайындық туралы. Сауықтыру шаралары.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша Р. Чуйтанова 2024–2025 оқу жылында жылдық жоспардың орындалуына жүргізілген сараптаманы таныстырды. Жыл бойы оқу-тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында әдістемелік жұмыстар жүргізілгені, тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын дамыту бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалғаны атап өтілді. Ата-аналармен өзара байланыс нығайтылып, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші мен медицина қызметкері жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысы туралы баяндады. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту мақсатында шынықтыру шаралары, таза ауадағы ойындар, спорттық іс-шаралар, су процедуралары, серуендер ұйымдастырылатыны айтылды. Сонымен қатар серуен алаңдарының қауіпсіздігі, көлеңкелік орындардың дайындығы, ауызсу режимі мен санитариялық талаптардың сақталуы қарастырылды.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылындағы жылдық жоспардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жыл бойындағы озық тәжірибелер келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары нағаттанарлық деп танылсын.
5. Сауықтыру іс-шаралары жоспарға сәйкес өткізілсін.
6. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтама ету талаптары қатаң сақталсын.
7. Жазғы кезеңде санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Төраға:

Хатшы:



Р.Чуйтанова

Ж.Балгабаева